

## **Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес**

- 1.Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
- 2.Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
- 3.Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
- 4.Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқауыңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
- 5.Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
- 6.Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз.Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
- 7.Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
- 8.Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
- 9.Баланы тым еркелетпеңіз.Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
- 10.Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
- 11.Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
- 12.Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
- 13.Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айландырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
- 14.Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.